

қоюды алдын ала айқындайтын инновациялық экономиканы қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес қарау керек.

Кәсіпорындардың инновациялық дамуын қамтамасыз ету стратегиялық басқару идеологиясын жаңа мазмұнмен толықтыруды қажет етеді. Осыған байланысты инновациялық принциптерге негізделген стратегиялық басқарудың келесі теориялық ережелерін бөліп көрсетуге болады: сыртқы ортамен өзара әрекеттесуде инновациялық стратегияны қалыптастыру; қызметтің барлық салаларында инновацияларды енгізу негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді дамытудың мақсатты стратегиялық бағыттарын белгілеу; ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ету; шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық өсуіне инновациялық тәсілді қолдану және олардың нарықтағы стратегиялық позициясын болжау.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. В. Миллер. Менеджмент туралы білім, технологиялар және инновациялар.- 1999. - 335б.
2. Р.Р.Нельсон, С.Г.Уинтер. Экономикалық өзгерістің эволюциялық теориясы. -Гарвард университетінің баспасы, 1982. - 454б.
3. Б. Кориат, О. Вайнштейн. Инновациялар буынындағы ұйымдар, фирмалар және мекемелер.- Зерттеу саясаты, 2002. - 273-290б.

УДК 331.526

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ОНЫ ЖАҚСARTУ ШАРАЛАРЫ**

**Купеева Асемгуль Ерназаровна**


[kupeyeva.assemgul@gmail.com](mailto:kupeyeva.assemgul@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Экономика факультетінің магистранты  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі –Байжолова Р.Ә.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бүгінгі балалар мен жастар Қазақстанның еңбек нарығын 2050 жылға қарай анықтайтын болады. Болашақта елдің өркендеуі олардың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты», - деп ел экономикасының дамуында жастар категориясының маңыздылығын ашып айтқан болатын [1].

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» № 285-V Заңына сәйкес, жастар деп Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жас аралығындағы азаматтары анықталған. Ал жұмыспен қамтылған жастар ретінде – жасы жиырма тоғызға келмеген, орта білім беретін мектептердің, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беретін оқу бағдарламаларын толық меңгерген және еңбек қызметімен айналысып жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары анықталған [2].


Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, еңбек нарығында жұмыспен қамтылған жастардың саны 2020 жылы 2 031,5 мың.адамды құрады, яғни бұл жалпы еңбек нарығындағы жұмыспен қамтылған халықтың 23,2%-ын құрайды. Жастар сегменті Қазақстан Республикасының еңбек нарығы секілді теңгерімсіз күйде қалып отыр. Соңғы бес жылда еңбек нарығындағы жұмыс күшінің өсуі орын алғанымен, жастар жұмыс күшінің 7%-ға немесе 151,2 мың.адамға азайғанын байқауға болады (1 сурет).



**Сурет - 1. 2016-2020 жылдардағы Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы жастардың саны**

Ескерту: [3] мәліметтері негізінде автор құрастырды.

Жастар жұмыссыздығының деңгейін талдау нәтижелері көрсеткіштің соңғы бес жылда төмендеуін көрсетеді. Егер 2016 жылы жастар жұмыссыздығының деңгейі – 4,1% болса, 2020 жылы аталған көрсеткіш 0,5%-ға төмендеп, 3,6%-ды құрады (2 сурет). Абсолютті мәнде жұмыссыз жастар саны 16 мың.адамға азайды. Сондай-ақ, жастар жұмыссыздығының деңгейі елдегі жалпы жұмыссыздық деңгейінен (4,9%) әлдеқайда төмен. Жұмыссыз жастардың ең көп саны елдің халық тығыз қоныстанған аймақтарында, Алматы қаласы, Алматы және Түркістан облыстарында байқалады.



**Сурет - 2. Жастар жұмыссыздығының деңгейі**

Ескерту: [3] мәліметтері негізінде автор құрастырды.

Елімізде жастар көбінесе өнімділігі төмен қызмет салалаларында жұмыс істейді. Мәселен, 2020 жылы жұмыспен қамтылған жастардың 17,3% көтерме және бөлшек сауда саласында (353,2 мың.адам) қызмет атқарды, бұл Қазақстандағы жұмыс істейтін жастардың жалпы санының бестен бір бөлігі. Сондай-ақ, 13,9%-ы ауыл шаруашылығында (284 мың.адам), 11,6% білім беру саласында (236,7 мың.адам) қызмет атқарды. Сонымен қатар, жұмыспен қамтылған жастар саны бойынша алғашқы бес салаға құрылыс (138,0 мың.адам) және мемлекеттік басқару мен қорғаныс, көлік және қоймалау (121,3 мың.адам) кірді (1 кесте).

**Кесте – 1. 2016 - 2020 жылдардағы экономикалық қызметтің түрлері бойынша жұмыспен қамтылған жастар саны ( 15-28 жас аралығында)**

	2016	2017	2018	2019	2020
<b>Экономикада жұмыспен қамтылған жастардың саны</b>	2 182,7	2 057,3	2 007,9	2 045,9	2 031,5
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	343,8	315,7	270,5	250,2	284,0
Өнеркәсіп саласы	240,9	219,4	216,2	232,5	195,2
Құрылыс саласы	178,6	147,3	150,8	144,8	138,0
Көтерме және бөлшек сауда	371,0	334,1	336,3	368,1	353,2

Көлік және қоймалау қызметі	143,5	125,7	127,2	125,3	121,3
Тұру және тамақтану саласындағы қызметтер	50,1	57,6	44,9	57,3	55,9
Ақпарат және байланыс саласы	52,7	44,1	50,0	43,6	43,4
Қаржы және сақтандыру саласы	57,6	64,9	56,2	62,2	61,0
Жылжымайын мүлікке қатысты қызметтер	31,8	48,8	42,6	33,1	39,7
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	68,2	69,3	64,4	63,8	59,8
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	70,3	75,4	66,1	67,4	65,5
Мемлекеттік басқару және қорғаныс саласы	141,7	123,2	144,2	123,2	131,3
Білім беру	238,0	223,5	222,6	235,0	236,7
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	93,5	104,5	105,6	110,5	119,9
Өнер, ойын-сауық және демалыс	41,4	41,6	39,1	39,8	37,0
Басқа қызмет түрлері	59,8	62,2	71,2	89,0	89,5
Ескерту: [3] мәліметтері негізінде автор құрастырды.					

Сонымен қатар, жастардың еңбек нарығына, одан әрі экономикалық өсуге де әсер ететін келесідей жүйелік мәселелер сақталуда:

**1. Сапалы жұмыс орындарының болмауы.** Көп жағдайда, құрылып жатырған жұмыс орындары қысқа мерзімге ғана бейімделген. Мысалы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасындағы «Жастар» тәжірибесі бойынша жұмыс орындары уақытша, 1 жылдық мерзімге ұсынылады. Мұндай әдіспен тиімді жұмыспен қамтамасыз ету мүмкін болмайды, еңбек нарығы тек уақытша ғана тұрақтандырылады.

**2. Neet-жастар санатының көбеюі.** Еңбек нарығы үшін оқудан жұмысқа ауысудың маңызды көрсеткіштерінің бірі – Neet-жастар санатының үлесі болып табылады. Бұл ұғым ең алғашқы рет XX ғасырдың соңында Ұлыбритания Үкіметінің баяндамасында көрініс тапқан болатын. Neet-жастар ұғымы (Not in Employment, Education or Training) «жұмыс істемейтін, оқымайтын, өзге де істермен айналыспайтын адам» дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда Қазақстандағы халықтың осындай санатына 2020 жылғы деректер бойынша жастардың жалпы санының 7,6% жатады. Халықаралық еңбек ұйымының деректеріне сәйкес, қазіргі таңда NEET жастар категориясының үлес салмағы аз мемлекеттер қатарына Жапония, Сингапур, Нидерланды, Исландия, Германия, Швеция мемлекеттері жатады [4].

**3. Жастардың сыртқы көші-қонының өсуі.** Қазіргі кезеңде елімізде жастар көші-қоны өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жастар үшін еңбек нарығындағы мәселелерді шешудің типтік тетігі - бұл білім беру немесе еңбек көші-қоны. Статистикалық деректерге сәйкес жыл сайын елімізде жас эмигранттардың саны өсуде. Мысалы, 2019 жылы жалпы ел бойынша қоныс аударған халықтың (45 225 адам) 20%-ын (9 421 адам) 15-29 жас аралығындағы жастар құрады.

Төмендегі SWOT-талдау (2-кесте) негізінде жүргізілген зерттеу Қазақстан Республикасы жастар еңбек нарығының күшті және әлсіз жақтарын, қолайлы мүмкіндіктері мен қауіпін көрсететін жалпы сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік береді [5].

**Кесте – 2. Қазақстан Республикасының жастар еңбек нарығының қазіргі жағдайына swot-талдау**

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
----------------------	----------------------

Мемлекет тарапынан қолдау бағдарламалары; Жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал ететін шараларға қомақты ресурстардың бөлінуі; Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік саясатын іске асыруда жаңартылған нормативтік-құқықтық базаның болуы; Халықаралық ұйымдармен және сарапшылармен, әлеуметтік серіктестер өкілдерімен ынтымақтастық.	Neet-жастар санатының көбеюі; Сапалы жұмыс орындарының болмауы, құрылып жатырған жұмыс орындары қысқа мерзімге ғана бейімделген; Жастардың бейресми жұмыспен қамтылуының өсуі; Аймақтық және демографиялық сәйкессіздіктер; Кадрларды даярлау жүйесінің салыстырмалы түрде төмен тиімділігі.
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіптер</b>
Экономикада жастарға арналған жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру; Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың жылдам қарқыны; Мемлекет пен кәсіпорындардың қажетті сан мен сападағы еңбек ресурстарына мүдделілігі.	Жоғары білікті жас мамандардың басқа елге қоныс аударуы; Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің көтерілуі; Елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауы; Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында бірлесіп орындаушылардың үйлесімсіздігі.

Жастар еңбек нарығының қазіргі жай-күйін талдай келе, жастар жұмыссыздығының деңгейі салыстырмалы түрде төмен деңгейде болғанына қарамастан, олардың көп бөлігі еңбек нарығында белгілі бір кедергілерге тап болады деген қорытынды шығаруға болады.

Қазақстандағы еңбек нарығының мәселесі еңбек ресурстары мен жұмыс орындарының теңгерімсіздігімен де, олардың сапасымен де байланысты. Осыған байланысты, еліміздегі еңбек нарығындағы жастардың жағдайын жақсарту үшін келесідей шараларды қолдану ұсынылады:

- мемлекеттік бағдарламаларда көзделген уақытша жұмыс орындарының орнына тұрақты жұмыс орындарын енгізуді қарастыру;
- оқу орындары мен кәсіпкерлік сектор арасындағы өзара іс-қимыл тетігінің тиімділігін арттыру негізінде еңбек нарығын болжау жүйесін және кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру;
- тұрақты бизнес процестерді құру бойынша тәжірибесі бар табысты кәсіпкерлерді тарту мүмкіндігімен жастар кәсіпкерлігінде тәлімгерлік бағдарламаларын дамыту және т.б.

Осы жағдайда мемлекет тарапынан жүргізілетін шаралардың маңыздылығын ескере кету керек.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/meetings\\_and\\_sittings/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-enbek-zhane-zhumyspen-kamtu-maseleleri-boiynsha-zhiyn-otkizdi](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-enbek-zhane-zhumyspen-kamtu-maseleleri-boiynsha-zhiyn-otkizdi)
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» № 285-V заңы
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайтының деректері
4. Alshanskaya A. YOUTH LABOR MARKET IN KAZAKHSTAN: WHO IS IN DEMAND, AND WHO IS LEFT ON THE SIDELINES?. Central Asian Bureau for Analytical Reporting: <https://cabar.asia/ru/>

УДК 331.526

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАЛДАУ

**Купеева Асемгуль Ерназаровна**

*kupeeva.asemgul@gmail.com*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Экономика факультетінің магистранты  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Байжолова Р.Ә.

Жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелері ұлттық экономиканың өте маңызды элементі болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері халықты жұмыспен қамтудың келесідей бағдарламалары шеңберінде еңбек нарығын белсенді қадамдармен дамытқаны белгілі: Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдардағы бағдарламасы, Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы, Жұмыспен қамтудың жол картасы, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы. Аталған бағдарламалардың барлығы өз кезеңіндегі экономикалық жағдайға байланысты әзірленді және іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2020 жылы жалпы ел бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрады. Бұл Халықаралық Еңбек ұйымы көрсеткендей әлемдік орташа көрсеткіш 5,6%-дан төмен болып келеді. Қалыптасқан теңгерім жұмыспен қамтуды ынталандырудың мемлекеттік бағдарламаларының сәтті тәжірибесімен түсіндіріледі [1].

Төмендегі 1-кестеден 2011 жылдан бастап әр түрлі атаумен іске асырылған және қазіргі таңда іске асырылып жатырған жұмыспен қамту бағдарламаларына сипаттама берілген. Бағдарламалардың жалпы бюджеті 836 млрд. теңгені құрады. 2011-2019 жылдар аралығында аталған бағдарламалардың қызметін шамамен 2 092,1 мың.адам пайдаланды.

### Кесте – 1. Жұмыспен қамту саласында жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалар

№	Мемлекеттік бағдарламаның атауы	Жүзеге асырылған кезеңдері	Бөлінген қаражат көлемі	Қатысушылар саны
1	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы	2011-2012	95 млрд.теңге	161,6 мың.адам
2	Жұмыспен қамтудың 2020 жол картасы	2013-2016	360 млрд.теңге	631,1 мың.адам
3	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасы	2017-2021	381 млрд.теңге	1 299,9 мың адам

Ескерту: [2] деректері негізінде автор құрастырды.

Алғашқы екі бағдарламаның миссиясы, ең алдымен, мұқтаж, аз қамтылған ауыл тұрғындарын қолдау, кедейліктің жалпы деңгейін төмендету, сондай-ақ жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету болды. Мысалы, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының міндеттері үш тармаққа сәйкес келеді: өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарды